Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 271- 273

С.СЕЙФУЛЛИН ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ЭТНОТАНЫМ

Мәдениетов Ә.

XXI ғасыр этнотанымдық зерттеулердің бағыты мен ерекшелігі –адамзаттық құндылықтар жүйесінің құрамдас бөлігі тұрғысынан оны қазақ қаламгерлері болмысымен, тіл бірліктерімен тікелей байланысты зерттеу. Бұл – жаңа ғасырдың өмір талабы. Себебі қоғамдағы кейбір саяси жағдайларға байланысты ұлттық құндылықтарымыз елеусіз болып, көптеген этностың өзіндік ерекшеліктері назардан тыс қалды.

Әрбір халықтың өзіндік рухани-мәдени өмірі болары анық. Бүгінгі таңда аса өзекті тақырыптардың бірі ұлттық құндылықтарды зерттеу, оны жас ұрпақ санасына сіңдіріп, ұлттық мәдениеті дамыған тұлға тәрбиелеу болып отыр. Сондықтан да біз өз зерттеуімізді этнотанымдық рөл арқалаушы этнографизмдерге арнадық. С.Сейфуллин еңбектері әдебиеттану, тіл білімі саласында біршама зерттелгенмен, этнотанымдық тұрғыдан әлі де болса онша зерттелмей келе жатыр. Демек, Сакен туындыларының этнотанымдық табиғатын ашу күні бүгінге дейін зерттеу аясына түспеген деп айтумызға да болады. С.Сейфуллин шығармаларын этнотанымдық тұрғыдан зерттеу шығарма тілінің материалдық мазмұнын ашу, этнотанымдық табиғатын айқындау, сол арқылы халықтың өзіндік дүниетанымын, салт-дәстүрін, рухани-мәдени өмірін, әдет-ғұрпын сипаттау болып саналады.Бұл этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика бағыттары аясында да қарастырылатын өзекті мәселе болып табылады. Осы орайда жасалған зерттеу жұмысының бір бөлігін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Ақын шығармалары қазақтың көшпелі ғұмыр кешкендігін тағы да бір рет дәлелдей түседі. Мәселен, «Нұра» өлеңінде: *Мекен болдың бір уақыт Көшіп жүрген қазаққа* немесе *Қырғауылдары селкілдеп, Маңырап көшіп жағалай, Түндіктері желкілдеп, Қонған қазақ сағалай*,-десе, «Жайлауға көшу» туындысында: *Ел көшкенде кең жайлауға таласып, Жүк артысар аяқтарын тез басып* - дейді.

Ақынның «Жайлауға көшу» өлеңі бұрынғы қазақи тұрмысты көз алдымызға тамаша елестететін өлең. *Таң белгісі білінгенде сарғайып, Ақырындап дүниеге нұр шашып. Кәрі-жастар жүген алып жүгірер, Жылқы келіп, ат ұстауға шуласып. Аттарын ерттеп жүк артқанша ел арты, Алды кетер шұбатылып бел асып,* - дей келе, қыз-келіншектердің желектері, үкілері жарасатынын, ақсақалдардың ілгері қоныс сайласатынын, ауыл қонып, үйлер тігілетінін, жылқыларды суарып, желілерін қағысатынын, бие байласатынын, үй алдында сары самауырлар қайнасатынын, сары қазы, балғын ет пісіп,

адамдар бірін-бірі қонаққа шақыратынын ұйқастарын үйлестіре отырып керемет сипаттайды.

Оның туындыларында қазақтың тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін *көшіп жүрген қазақ, түндік, бие байлау, мыңғырған мал, жайлау, ұжмақ* сияқты бірліктер ұшырасады. Мысалы, *Ұжмақ иісті сайларға Желілеп бие байласып, Кедейлер де, байлар да Рахатпен жайласып..... Сырыңды айтшы сен маған, Атамыздың жайлауы! Мың-мыңнан жылқы жусаған Биелердің байлауы*. Ақын шығармаларында *ерулік* лексемасы да кездеседі. Ерулік тек қазаққа ғана тән салт, дәстүр. Қазақ дәстүрі бойынша жаңа көшіп келген отбасын сол ауылда бұрыннан тұратын адамдар босаға көрсетуге шақырып, енді араласып тұруға жол ашады. Мұны қазақ «ерулік» деп атайды.

«Жайлаудан қымыз ішу» деген туындыдағы *шығыршықты піспек, тегенеге құйылған қымыз, үкілі ожау, кебіс киген, көйлекшең, шапан жамылған, босағадан төрге дейін* деген тілдік бірліктер де этнотанымдық рөл атқарады. Бұл бірліктердің қай-қайсысы да қазақ тұрмысынан, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» ешбір техниканың дауысы жоқ, тек құстардың сайраған даусы мен ара-тұра есік алдында байланған аттың пысқырынуы естілетін кезеңдегі жайдан хабар береді. Өлеңде, сондай-ақ қазақтың тойқұмар, өнерқұмар ғана емес, малжандылығы да көрініс алған. Оны шығармадағы *«Малшылардан өрістің жайын біліп Дуылдасып, қызысып ойнап-күліп, Күлу үшін сөздерін бұра сөйлеп, Бірін-бірі сықақ қып сөзбен іліп»* деген жолдар арқылы аңғарамыз.

Ал «Қазақ сабағы» туындысында ақын қазақ тұрмыс-тіршілігі мен орыс тұрмыс-тіршілігін салыстыра беріп, өз ұлтының артықшылығын баса көрсетеді: *.Сары қазы, сары қымыз тамағы боп, Жүргенде жастары біздің жақтың. Өлшеулі ет, қара шайды тамақ қылып, Өткізіп жүрмін уақытын жастық шақтың. Ас-тойда мендей жастар салтанатпен Қызығын көргенде мінген аттың. Шаң жұтып, көше кезіп, таңдай кеуіп, Мұршасын алып жүрмін екі аяқтың* дейді.

Сакен шығармаларында қазақтың ұлы мерекелерінің бірі де бірегейі айт мерекесі де жырланады. Ақын: *Тоқшылық бүгінгі күн берекелі, Көңілді, ойын-күлкі мерекелі. Әр адам өз әлінше айт қылып жүр, Дүниенің сезілгендей кең екені..... Талғамай жақсы-жаман, кәрі-жасын, Бай-кедей, бөтен-жақын, ауылдасын. Әр мүһмин күтетін күн келгендерді Құрметпен алдарына жайып асын-* деп қазақтың кеңпейілділігін де қоса суреттейді. Айт мерекесінің жай мереке емес екендігін, түрлі ұлттық ойындар ойнатылып, адамдар тәуір киімдерін киіп, ішкі жан дүниесімен қатар, сыртқы бейнесі де жарқырап шығатынын айтады. Ақын өлеңдерінде *көкпар, үкілі тақия, шолпы, бөрік, қамшы, шоқпар, киіз үй* сияқты этнографизмдерді ұшыратуымызға болады. Ал «Бабаларыма» деген туындысында этнотанымдық сипат беретін *ұрпағы өсіп-өнген* ***рулы ел****, медеу қылдым* ***жалғыз хақ****ты, бабам* ***аруақ****ты, берген* ***бата****ң* деген тіркестерді кездестіреміз. Мұндағы *жалғыз хақ* немесе басқа өлеңдеріндегі *пайғамбар, иман*сөздері қазақ ұлтының дінге қатысынан хабар береді. «Біздің жақта» шығармасында берілген *тізіліп көшкен елдер, жерінде біздің жақтың ер палуан, аңшы-мерген, әншіл сері* бірліктерінен ұлттық ерекшелікті жақсы аңғарғандаймыз. Сондай-ақ ақын қазақтың ұлттық аспабы

домбыраны жырламауы да мүмкін емес еді. Ол домбыраға байланысты бір емес бірнеше өлеңдерін арнаған. Домбыраның үні, домбыра арқылы орындалатын күйлер де этнотанымдық рөл атқарары сөзсіз.

Сакен туындылары тек этнотанымдық рөл ғана атқарып қоймайды, оның қаламынан шыққан еңбектері арқылы біз жазушы-ақынның ұлтжандылығын да танимыз. Мәселен, қаламгердің 1914 жылы «Айқап» журналында жарық көрген «Манап» драмасы туралы мақаласы. Онда С.Сейфуллин редакция алқасына «Манап» драмасы туралы өзінің көзқарасын еш жалтақсыз берген. Драманың орыс тілінен тікелей аударылғанын, ия болмаса орыс драмасының негізінде жазылғанын, олай етуге болмайтындығын және оның себептерін санамалап көрсеткен. Қаламгер драма кейіпкерлерінің сөздерін келтіре отырып, исі қазақ адам олай сөйлемейтіндігін айтады. Гүлбаһрамның: «Отыр, әже, мына жерге, мен сені сүйейін, маған әлденеге көңілсіз» деуі де; анасының: «Маған аяныш сенің сұлулығың, Әлімбекті саған күйеу қылып отыр, ол шал, ол бейшара, ол қызғаныш зағиф» деген сөздері де; Гүлбаһрамның әкесіне: «Әке, менің көңілімде толқын бар, әке, мен бөтенді сүйемін, мен көптен оныкі болғанмын» деп айтуы да немесе Әлімбек Гүлбаһрамға құдаласа келгенде сыйлық әкеліп: «Айналайын Гүлбаһрам, сені маған бір құдай қосты, мен сенің күйеуің боламын; мен саған қымбатты сыйлар әкелдім, ішінде көп алтын, асыл нәрселер бар» деуі де тікелей (тура) аударма жасаудан болғандығын қаламгер: «әуелі қазақ драмасын мұндай ғып орыстың драмаларының сөзінің ыңғайымен жазғаны кемшілік, екіншіден, мұндай сөздер қазақ арасында әке-шеше мен қызының, қалыңдығы мен күйеуінің араларында айтылмайды. Үшіншіден, қазақта осы уақытқа шейін күйеудің қалыңдығына сый әкелу рәсімі жоқ». Сондай-ақ драмада Әлімбектің Гүлбаһрамға: «Жоқ, қарағым, тағдыр солай болды, мен сені немереме айттырдым, қалың мал төледім, бірақ бейшара Қасымым мені жылатып өліп қалды. Енді сені өзім алмақ болдым!» - дейді. Бұл драманы оқыған С. Сейфуллин «Бұл – қазақта жоқ әдет» - дейді. Бұдан жазушының ұлтжанашыры екенін көруімізге болады. Ол қазақтың мәдениеті мен тәрбиесінің артықшылығын айтқысы келеді. Шынымен-ақ қазақ халқы бала тәрбиесіне аса зор мән берген. Сондықтан да болса керек біз әр сөзімізді салмақтап, қажеттісін ғана керекті жерінде қолданамыз. Тек сөзге ғана емес, ар, жан, тән тазалығына да ерекше мән беретін халықпыз. Қаламгер «Манаптың» зор кемшілігі: оны қазақшаға аударғанда сөзбе-сөз аударғандықтан сөйлемдегі сөздерінің тәртібі бұзылып, сөйленген сөз қазақтың сөз сөйлеуіндей болмағандығын айтады.

Қорыта келе айтарымыз, С.Сейфуллин туындыларының ішінде этнотанымдық рөл атқаратын өлеңдері біршама. Екіншіден, С.Сейфуллин шығармаларымен таныса отырып, оның ұлтжанды тұлға болғанын аңғаруға болады. Үшіншіден, ақын шынайы қазақи өмірді жырлаған қаламгер.

Ғылыми жетекшісі - ф.ғ.к., доцент Ғ.Қ.Резуанова